

Р. МҰҚАНОВА ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ НАРРАТОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

Жұлдыз ИСАБЕКОВА*
Элеонора СЕЙСЕНБИЕВА***

Аңдатпа: Мақалада нарратологияның қызметіне теориялық түсініктер шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, әр түрлі көзқарастардың оқиғаға қатысын шығармадағы нарратордың орнын талдап көрсетеді. Нарратологияның теорияларына салыстырмалы талдау келтірілді. Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» мен «Сарқаншық» әңгімелеріндегі нарратор, баяншының орнын анықтап, нарратордың қызметі салыстырмалы түрде талданады. Баяншы мәтінінің негізгі мағыналық қалыптастырушы және құраушы факторлары, оның негізгі бірлігін, көптеген зерттеушілердің пікірлері бойынша әуезелеушінің негізгі категорияларын айқындап көрсетеді. Нарратордың оны басқа мәтіндерден ерекшелейтін типтік ерекшеліктерін анықтау үшін баяншы мәтіндерінің сипаттамасына толығырақ тоқталып, салыстырмалы саралау жасалды. Негізгі философиялық ерекшеліктерге қарамастан, адам өзінің оқиғасын баяндау арқылы көптеген сәттері, оның ой - пікірлерінің нәтижесінде тарихтағы адамның өмір сүруінің өткен жолын білуге әсерін түсінуге әсер етеді.

Мақалада нарратордың басқа мәтіндерден айырмашылығын көрсететін типтік ерекшеліктерін анықтау үшін нарратив мәтіндерінің сипаттамасы толығырақ көрсетілген. Сонымен қатар, нарратордың негізгі категориялары туралы көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірлерінен мысал келтіріледі. Мақаланы жазу барысында Р.Барт, Ж.Женетт, М.Риффатер, А.Прието және орыс әдебиеттануында М.Ю.Лотманның мен Р.Якобсонның, Б.Шмидтің еңбектерімен қоса, А.Байтұрсынұлы, Б.Майтанов, Т.Есембеков, Ж.Дәдебаев, А.Темірболат және т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері негізге алынды. Сондай-ақ ғылыми мақаланың нәтижелі болуы үшін герменевтикалық, салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, сипаттау, жинақтау әдістері қолданылды.

Кілт сөздер: автор, әңгіме, автор бейнесі, дискурс, нарратор.

Narratological Techniques in R. Mukhanova's Short Stories

Abstract: In the article, theoretical concepts of the activities of narratology, based on the opinions of foreign and domestic scientists, analyze the place of the narrator in the work, and the involvement of different points of view in the story. A comparative analysis of the theories of narratology is given. The narrator in the stories of "Eternal Baby Image" and "Sarkanshyk" (a female dog) by Roza Mukhanova determines the place of the narrator, and the activity of the narrator is relatively analyzed. The main semantic-forming and forming factors of the narrator's text, its main unity, according to many researchers, determine the main categories of the narrator. To identify the typical features of the narrator that distinguish him from other texts, a comparative differentiation was made, dwelling in more detail on the description of the narrator's texts. Despite the main philosophical features, a person, through the narration of his story, many moments, as a result of his reasoning, influence the understanding of the influence of human existence in history on knowledge of the past path.

The article describes narrative texts in more detail to identify typical features of the narrator that indicate his differences from other texts. In addition, an example is given from the opinions of many domestic and foreign researchers about the main categories of the narrator. In addition to the works of R. Bart, zh.Genett, M. Riffater, A. Prieto and M. Y. Lotman, R. Jacobson, B. Schmid, scientific research of scientists A. Baitursynuly, B. Maitanov, T. Esembekov, zh.Dadebayev, A. Temirbolat and others in Russian literary studies were taken as a basis. Also, for the effectiveness of the scientific article, hermeneutic, comparative, comparative-historical, descriptive, and summarizing methods were used.

Key Words: author, story, author image, discourse, narrator.

Кіріспе

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында автор, автор бейнесі, нарратор, нарратив, баяншы, баяндау, кейіпкер ұғымдары басқа қырынан танылып, жаңаша сипатқа ие болуда. Нарратор шығарманың ішкі құрылымын, яғни жасырын түрдегі психологиялық мәселелерді анықтау үшін кейіпкерлердің қажеттіліктері мен мотивтерін, негізгі қақтығыстар мен қорғаныстарды, негізгі қорқыныштарды анықтау, сондай-ақ сюжетке

*PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан, djuzi-85@mail.ru, ORCID: 0009-0001-6502-3487

*** PhD, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан, Elka1975@inbox.ru

кіретін немесе субъект байқамайтын кейіпкерлерді, заттар мен жағдайларды талдау бүгінгі әдебиеттің қажеттілігінен туындап отыр. Осыған дейін әдебиеттану ғылымында «нарратив», «әңгіме», «тарих» ұғымдарын жиі синоним ретінде қолданылып келді. Шындығында, бұл ұғымдарды әдебиетте араластыра қолданады, себебі, өте ұқсас құбылыстарды суреттейді.

Қоғамдық сана мен әлеуметтік тартысты көріністер, адам тағдыры көркем шығармашылықтың негізгі өзегін құрайды. Автор шығарма кейіпкерлері мен олардың іс-әрекеттері арқылы өзі суреттеп отырған қоғамның бар болмысын ашып көрсетеді. Әр қилы тағдырлар негізінде адам әлемінің тылсым қырлары мен өмір шындығын суреттеп, оны көркем түрде қабылдауға бейімдейді. Осы тұрғыда көркем туынды автор мен кейіпкерлерді көркем кеңістік шеңберіне енгізе отырып, оларды бір-бірімен тығыз қарым-қатынасқа түсіреді.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының теориялық негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танышқыш» еңбегінде нарратор термині туралы: «Әдебиет сөзін тәртіппен топқа бөлу керек. Жұртынан шыққан олар ауыз сөзді де айтылу түріне қарай негіздік үш топқа бөлген:

1. Әуезе.
2. Толғау.
3. Айтыс.

Не үшін олай бөлген мәнісі әр табын бас-басына баяндағаннан көрінбекші... Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады» (Байтұрсынұлы, 2003: 103) – деп анықтама бере отырып, баяншының рөлін шығармадағы нақтылап анықтаған.

Жалпы прозалық шығармаларда автор әрі баяншы, әрі әңгімеші, әрі әуезелеуші, әрі нарратор, әрі кейіпкер болуы әбден мүмкін. Осы тұрғыда «автор бейнесін» айқындайтын ерекшеліктерді саралау қажеттігі туындайды.

«Автор бейнесі» мәселесі ең алғаш әдебиет зерттеушілері В.В.Виноградов, М.Бахтин, А.Н.Соколов, В.Шмидтің еңбектерінде нақты қарастырылған. Жоғарыда аталған ғалымдар нарратор образы мен автордың образын жеке дара қарастырып, көркем туындының өн бойында автор бейнесінің көріну тәсілдерін айшықтайды.

А.Н.Соколов «Теория стилия» еңбегінде: «Автордың образы, кеңірек, дәлірек айтсақ, суреткер тұлғасының оның шығармашылығындағы көрінісі... бұл стиль емес, өнердегі басты стильдік бірлік тұлға емес. Автордың немесе автордың жеке басының бейнесі әдеби-көркем шығарманың маңызды және айқындаушы компоненттерінің бірі болып табылады» (Соколов, 1968: 156-157) – деп, автордың көркем туындыдағы қызметі мен ерекшелігін атап көрсеткен.

Орыс филолог-ғалымы Г.К.Косиков нарратология туралы былай тұжырым жасайды: «Нарратив (ағылшынша: *narrative*) – әңгімелеу, баяндау. Нарратология теориясы сюжеттік баяндаудың құрылымын (ағылш. *plot, story*; франц. *histoire, récit, intrigue*; неміс. *geschichte*) және сюжет түзілісінің барлық заңдылықтарын зерделейді. Нарратологияның негіздері Аристотельдің «фактілердің реті» түрінде қорытындыланатын «әрекетке, оқиғаға еліктеуден» («*mimēsis praxeōs*») туындаған «баяндау» («*mythos*») ілімінде жатыр» (Косикова, 1987:51).

Нарративтілік туралы батыс ғалымдарының пікірінше екінші бір ұғым, ол структуралистік нарратологияда қалыптасты. Бұл концепцияға сәйкес, баяндауда шешуші фактор – коммуникация құрылымы емес, баяндалатын құрылымның өзі болып табылады. «Нарративті» термині «дескриптивті» немесе «сипаттамалық» терминіне қарсы қойылып, делдалдық баяндау инстанциясының бар-жоғын емес, баяндалатын материалдың нақты құрылымын көрсетеді. Структуралистік мағынада нарративті деп

аталатын мәтіндер, бейнеленген әлем деңгейінде уақыттық құрылымға ие болып, қандай да бір күйдің өзгерісін баяндайды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында Р.Барт, Ж.Женетт, М.Риф-фатер, А.Прието және орыс әдебиеттануында М.Ю.Лотманның мен Р.Якобсонның, Б.Шмидтің еңбектерімен қоса, А.Байтұрсынұлы, Т.Есембеков, Ж.Дәдебаев және т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері негізге алынды.

Сондай-ақ ғылыми мақаланың нәтижелі болуы үшін герменевтикалық, салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, сипаттау, жинақтау әдістері қолданылды.

Талқылау

Қазіргі нарратология ғылымының көрнекті өкілі, американдық тарихшы әрі әдебиет сыншысы Х.Уайт нарративті құрылым түсінігін, оның ішінде тарихнамалық дискурс мәнін, құрамына интриганы қоса отырып, барынша кеңейтті. Ол: «Интрига құрылымы мағына тарихының сомдалуында, оны құрайтын оқиғаларды «тұтас, бәрін қамтитын немесе архетиптік пішінде» түзетін баяндау арқылы біріктіру жолымен жүзеге асырылады», – деген тұжырымды ұсынады. Француз, литва лингвисті және әдебиеттанушысы А.Ж.Греймас пен Ж.Курте нарративтілікті «кез келген дискурстың суреттеу ғана емес, ұйымдастырушы принципі де» деп айқындайды.

XX ғасырдың 60-70-жылдарынан бастап А.Данто, М.Бахтин, Ж.Женетт еңбектерінде нарративтілікке қатысты көптеген пікір-тұжырымдар талқыға түсіп, әдебиетте жаңа термин ене бастады. Тіптен В.Тюпа нарратологияның ең басты мәселесі мүмкін, А.С.Дантоның сөзінен тұжырымдалған болар деген де пікір айтқан. Дәлел ретінде айтсақ: «Барлық әңгімелеу – бұл дегеніміз оларды бір-бірімен жіктеп, топтастыратын және кейбірі жеткіліксіз сипатта болғаны себепті шығарылып тасталатын оқиғаға бағынышты құрылым». Француз әдебиеттанушысы Жеррар Женетт өзінің 1972 жылы шыққан «Нарративті дискурс» атты еңбегінде ішінара баяндау теориясына тоқталып өткен. Ғалымның ойынша: «Нарратив тұрғысынан саралағанда, баяндау оқиғада айтылатын тарихпен тығыз байланыста жүзеге асырылады». Нарратив термині әсіресе постмодерн дәуірінде көп қолданысқа түсіп, бүгінгі таңда қазақ әдебиеттану ғылымында бұл термин «баяндау» немесе «сюжет» ұғымдарының орынына қолданылуда.

Нарратология немесе нарратив, баяндау теориясы шығармадағы автордың баяндау тәсілін зерттейтін ғылыми пән. Нарратология көркем шығармадағы әртүрлі нарративтің жалпы белгілерінің көрінуін, олардың арасындағы айырмашылықтар мен нарративтің пайда болу және даму заңдылықтарын бір жүйеге келтіруді мақсат етеді.

Нарратология екіге бөлінеді:

- Бірінші, классикалық (бұл жағдайда нарративтіліктің белгісі ретінде нарратордың қатысуы жатады);
- Екінші, құрылымдық (бұл жағдайда нарративтілік баяндалатын мәтінге қарама-қарсы уақыттың дамуы бойынша анықталады).

Нарратологиядағы әдеби мәтін 2 жоспар арқылы қарастырылады:

1. баяндалатын оқиға (мазмұн жоспары) арқылы;
2. хабарлау ретінде (көрініс жоспары).

Осы диахрония негізінде нарратологияның басқа да түсініктері пайда болады ол фикционалдылығы яғни, жасандылығы, ойдан шығару және фактуалдылығы - бар болуы, іс жүзіне асыру, нарратор (баяндаушы) типтері, баяндау инстанциясының иерархиясы, сатысы (шынайы және абстрактілі автор, нарратор, идеальный және нақты оқырман, оқырман бейнесі), автор бейнесі (баяндаушыны бөліп ажырату немесе оқырманмен тілдесу және ойнау мақсатында баяндаушы-кейіпкердің жеке мінез-құлқы мен биографиялық белгілерін айшықтау) және т.б. (adebiportal.kz:2024).

Аталған терминдердің теориялық мағынасына тереңірек бойлау үшін Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, Т.Айбергенов атындағы сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Роза Мұқанованың 2004 жылы «Муза» жинағына енген «Сарқаншық» пен «Мәңгілік бала бейне» әңгімелеріне талдау жасамақпыз. Қазіргі қазақ әңгімелерінің ішінде психологиялық тақырыптағы туындыларымен ерекше дараланған жазушының бірі Роза Мұқанова жайлы Жүсіпбек Қорғасбек жайлы былай деген: «Роза Мұқанова шығармаларын адамның жанына үңілуден туындатады. Адамның жаны үлкен қасіретте барынша ашылады. Роза адам қолымен жасалған хайуани қасіреттен адами мағына іздейді. Сезімге тиетін детальдар табады» (Қорғасбек, 2014:4).

Жазушының «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінің кейіпкері Семей полигонынан зардап шеккен қыз – Ләйлә. Шығарманың бас кейіпкерінің прототипі – Еңлік атты Семей қаласының тұрғыны. Адам қолынан жасалып, жанына бітпес жара салған осынау қасіреттен зардап шегуші де адам. Әңгімеде жаны жаралы, мәңгілік бала бейнесіндегі Ләйлә көбінде аймен сырласып, ішіндегі бар мұң-зарын, қайғы-қасіретін соған айтады. Мәтіндегі нараторлар қызметі көркем шығармадағы оқиға желісінің «шекараларын» белгілеуде ерекше орын алады. Мәселен, «Мәңгілік бала бейне» әңгімесіндегі баяншы мен әңгімешінің сюжеттік құрылымдағы орнын былайша анықтаймыз: әңгіменің кіріспесінде, Ләйләнің аймен сырласуынан хабар беріледі. Оны айтушы – баяншы, болмаса сол баяншылық міндетті атқарушы шығарманың авторы. Нарратор оқиғаның басында Ләйләнің бар қасіретін оқырманға былай таныстырады:

«Меңіреу қалты, дел-сал болып мүлгіген жым-жырт түнді бетке алып, терең сайға шыққан Ләйлә-қыздың жолында қара жамылған әлде бір бейне қараңдап, сусып барады. «Жапан түзде жүрген негылған жан?» - дейді қыз-көңіл алабұртып. «Мен адамдар әулетінің рухымын», дейді бейтаныс үрейлі үн сонау алыс бір жақтан дауыс салып. Терең сайға бет алған Ләйлә-қыз бұл сәтте беймезгіл рух тұрмақ, адамзат қасиетінің өзіне де сенуден қалған. Тек қана осындай меңіреу түнді, сол түнмен аймаласып, толықсып тұратын қияқтай әдемі Айды сырлас еткен. Көкірегін кеулеген мұң-арызын осы арада, терең сайда сыбырлайтын. Дөп-дөңгелек Ай толықсып, сүттей аппақ көркімен қара жамылған Қарауылға сән беретін. Кейде үңіліп қарап қалған кіп-кішкентай Ләйла-қызбен, быт-шыл болып айырылып жатқан Қарауылдың жеріне есіркей қадалатын. Біресе осы түнді де, кішкентай ауылды да менсінбей қизаитай шалқайып керіліп жатып алатын... Ләйлә-қыз сөйлеп отыр. Мылқау Ай дөңгелеп алыстап барады. Ләйләны да, жерді де аймалап барады. «Өз жасыма лайық қыз болғым келеді. Иә... иә... Менің де әп- әдемі, нәп-нәзік қыз болғым ке...л...е...ді...» (Мұқанова, 2004:102). Нарратор берілген үзіндіде Ләйләнің не себепті аймен тілдесетіні туралы айта отырып, Ләйләнің сырт сипатын толық суреттеумен қатар, табиғатты да, бүкіл қасірет шеккен Қарауыл ауылын сипаттап, баяндайды.

М.Б.Храпченко: «Ішкі монолог адамдардың рухани жан дүниесін жаңғырту құралы» (Храпченко, 1972:112), – деп кейіпкер мінезін сомдаудағы негізгі қызметін атап көрсетсе, ғалым Б.Майтанов: «Қаһарман санасындағы стихияны таныту арқылы өмірді түрлі аспектілерде кең бейнелеуге негіз болады» (Майтанов, 2002:56), – деп кейіпкердің көркемдік сипатына тоқталып өтеді. Жалпы ішкі монолог көркем проза үшін ең басты көркемдік құрал болып табылады. Жазушы Р.Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінде Ләйләнің ішкі монологы арқылы шеберлігін танытқан. Әңгіменің бас кейіпкері Ләйләнің мұң-зары, жан сыры арқау болған. Автор Ләйләнің жан баласына ашылып айта қоймайтын жан сырын монолог арқылы шебер бейнелейді. Әңгімеде былай суреттеледі:

«О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз баламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек

пен қасіретке толы. Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам емес адам пейілін тәубаға түсіретін мүгедекпін. Қарауылдың адамдары мені көрген сайын: «Мұны Алла тағала адамдар тәубасына келсін, қол-аяғының саулығына, он екі мүшесінің дін амандығына шүкір етсін деп жаратқан» - дейді» (Мұқанова, 2004:102) - деп қамығады. Әңгімедегі нарратор Ләйләнің монологы арқылы беріледі.

Жалпы, лиризмді басым шығармаларда нарраторлық қызмет оқиғаларды одан ары өрбітіп, шиеленістіріп, шешімін табуға жол ашады. Нарратор (әңгімеші сипатындағы) шығарма кейіпкерлерімен біте қайнасып жатады. Көркем шығармадағы кейіпкердің сөзін автордың сөзі деп айта алмаймыз, сол сияқты нарратордың да сөзін автордың сөзі деп қарастыруға болмайды. Бұл – қарапайым әдеби сын заңы. Нарратор мен авторды шатастыру «кешіруге болмайтын» үлкен қателік екенін Генри Джеймс те айтып кеткен болатын.

«Ләйлә, жаңағы өзі жасырынып отырған қап-қараңғы терең сайдан жүгіріп шықты. Жасаурап, үкідей қадалған қыз көзіне сұп-сұлу, аппақ. Ай үрке қашып бара жатқандай көрінді. Сол сегіз жасар мәңгілік бала бейнеде, өспей қатып қалған Ләйлә, тамыры адырайған егде қолдарын сермеп көкке көтерді» (Мұқанова, 2004:103).

Сөйтіп, әуелгі суреттелетін оқиға Ләйләнің аймен сырласуы болса, әрі қарайғы оқиға желісі нарратордың айтуымен беріледі. Осы арада М.Бахтиннің мына сөзін келтіре кеткен орынды болар: «Біздің алдымызда екі уақиға тұр, бір уақиға – туынды туралы айтылғаны да, енді бірі – айтылған әңгіменің өзі (осы соңғысына біз өзіміз де тыңдаушы-оқырман ретінде араласамыз); бұл уақиғалар әртүрлі уақытта (ұзақтығы жағынан да әртүрлі), әр түрлі жерде өтеді және сол уақытта біз толыққанды туынды ретінде тани алатын біртұтас, бірақ күрделі уақиғаға бірігеді. Біз бұл толыққандылықты оның тұтастығы мен бөлшектенбейтіндігі деп қабылдаймыз, бірақ сонымен бір мезетте оны құрайтын сәттердің барлық айырмашылықтарын да түсінеміз». Әңгімеші мен баяншы нарратордың балама пішіндері. Көп жағдайда біреуі болмаған мәтінде міндетті түрде екіншісі болады. Ал, «Мәңгілік бала бейне» әңгімесінде екеуі де бар. Әңгімеші – болып өткен оқиғаның жай ғана бақылаушысы да, белсенді әрекет етушісі де болуы мүмкін. Ләйлә – әрі әңгімеші, әрі сол өзі айтқан оқиғаның куәгері, қатысушысы.

«Ай да, қыз да бір-бірімен ажыраса алмай, бірін-бірі қимай ұзақ аймаласты. Жарық Ай Ләйлә-қызды қара жерге қимады. Ләйлә да алғаш рет Айды түн қойнына қимаған. Ұзақ кідірістен кейін, екеуінің бір-біріне деген тартылыс сезімі әлсірей берді. Екеуі екі тіршіліктің елиісіндей елеңдеп, алыстап қашып бара жатты. Жап-жарық Ай қыз бен жерді айналып, алыстап барады. Ләйлә-қыздың жанары Айға қадалған қалпы айрылғысы келмеді. Соншалық қиналып жатып тырысып еді, жігері жететін емес. Бойына біткен күш-қайрат мүлдем азайып барады, бітіп барады. Қыз бетіне түскен Ай сәулесінен самайына қарай құлап, жол салып, дөңгелеп жатқан көз жасы анық көрінеді. Жанарындағы көлкілдеген жастың әсері ме, қыз көзінің сәулесі азайып кеткендей болды. Жанталасып, егде қолдарымен көз жасын сүртіп тастауға тырысып еді, қозғалтпады. Ләйлә-қыз мұңайып жанарын бір жұмып, дем алып тағзы ашамын деген, бірақ... Жан тапсырған төсектегі қыз суретін ұзақ аймалаған Ай биіктеп, жылжып кетті. Мәңгілік қоштасып кетті. Екі тіршілік: Бірі - жер баласы, бірі - түн баласы» (Мұқанова, 2004:111).

Баяншы Ләйлә арқылы туған жері Қарауылдың ащы болмысы мен әлеуметтік жай-күйін баяндайды. Әңгіме соңында Ләйлә атомның әсерінен емес, адам баласының ісінен өз өмірімен қоштасады. Қоғамның лас әрекетіне шыдамаған жүрегі таза Ләйләмен бірге оның Қарауылының рухы, ұлты өледі.

Қазіргі қазақ прозасында баяндаудың да, бейнелеудің де тілі өзгеше. Ұзақ сонар мәтіндер тыңдарманын тартпайды, ол қазіргі уақыт талабы. Мүмкіндігінше ықшам,

нақты, әрі сенімді шығармалар бүгінгі күні маңызды. Осы орайда Р.Мұқанованың шығармалары уақыт сұранысына сай хикаяттың өзі сол деңгейден шығып отыр.

Мақаламызға арқау болған жазушының «Сарқаншық» әңгімесі де – пішіндік құрылымында автор мен нарратордың болмысы бір-бірінен ажырамастай шебер қиюластырылып жазылғын шоқтығы биік шығармаларының бірі.

Автор шығарма өзегінің негізгі арқауы болса да, ол әрдайым тура сол қалпында көріне бермейді. Автор өз туындысында автор-нарратор, автор-әңгімеші, автор-нарратор, автор-кейіпкер ретінде де танылып, өзінің көркем кеңістігін құрайды. Р.Мұқанов «Сарқаншық» әңгімесінде автор әрі баяншы, әрі әңгімеші, әрі нарратор, әрі кейіпкер болып, бір ғана әңгіме аясында көркем туындының табиғатын тамаша аша білген.

«Бұралқы Сарқаншық... Ителгідей ілмиіп, ықылық атасың. Емхананың айналып ұзақ жүрдің, елегізіп әлдекімнің соңынан еріп, бірге кетпек болып шешімге келесің, бірақ сенімнен жаңылып қалармын деп айнып та үлгересің. Айнығаның дұрыс. Айну – ойлану. Жаңылудан сақтайды. Көздерің-ай... Иттің де көзі мойылдай болатынын, тұңғыық болатынын бірінші рет көрдім. Сені аяуға қорықтым. Аяушылық жасау АЛЛАНЫҢ игілігінде ғой, дертіңе шипаны АЛЛАДАН тіледім» (Мұқанова, 2004:14) – деп, Роза Мұқанова өз туындысында өзі әрі автор-нарратор, әрі автор-әңгімеші болып бірігіп кеткен. Нарратор қызметіндегі автор оқиға кейіпкерлерінің бірі ретінде қатысып отыр.

Бір автор өзінің әрбір туындысында оқиғаға өзін қаншалықты қатыстыруына байланысты түрліше көрініп отырады. Жоғарыда аталған шығармада әуезелеуші (нарратор) тұлға бір қалыппен көрінеді. Туынды оқиғасы мен идеясы авторды өзіне бағындыра білгендіктен, «Сарқаншық» әңгімесінде нарратор шығармаға көбіне тәуелді болып отыр. Сондықтан «Сарқаншықта» автор оқиғаға әрі автор, әрі нарратор ретінде қатысқан. Осылайша автор өз әңгімесінің баяндалу мүмкіндіктерін барынша әсерлі етіп, шығармасының мәнін оқымарғанға қызықтыра түсіп жазу шеберлігі мен стилінің ерекшелігін байқатады.

«Сарқаншық» әңгімесіне талдау жасау барысында нарратор терминіне қатысты теориялық зерттеулерге тоқталсақ, В.Шмид «Нарратология» еңбегінде бейнелеу тәсілі мен диетикалық өлшемдері бойынша нарратордың түрлерін былайша жіктеп көрсеткен. Диетикалық өлшем бойынша диетикалық (диетический) және бейдиетикалық (недиетический) нарратор деп қарастырған. «Өзі туралы диетикалық тұлға ретінде баяндайтын нарраторды диетик деп атаймыз. Диетикалық нарратор баяндауда да (субъекті ретінде), баяндалатын әңгімеде де (объект ретінде) көрінеді» (Шмид, 2008:82) – деп, көркемдік-түспалдық бағытта бірігетін баяндаушы-нарратор қызметін айтқан.

«...Қаланың көп қаншығы сені жек көретін. Қызық, сен ешбір қаншықпен дос та, қас та болмапсың, бірақ олар сені көрсе, шабаланып, шәуілдеп, быржың-тыржыңы басылмай, әуре болатын. Бәлкім, төбеттерін қызғана ма?... Бірақ олардың тұрақты төбеті жоқ қой. Әйтеуір, сені жек көретін, жақтырмай, шәуілдеп, шаңқылдап, сені бас сауғалап алысқа ұзаганша жақтары талмай, қағына, көше бойын шаң-шұң қылып шуласып қалатын. Сондықтан болар, сен ит атаулыдан бөлек, өзіңмен өзің жеке дара жүретін едің. Мүмкін, сен иттіктен гөрі Адам болғанды армандаған шығарсың. Әйтпесе, мынау адамдар емделетін аурухана саған неге ұнады? Бірақ сен байғұс бұл жердің аурухана екенін білмедің-ау. Сен сезімтал итсің, қалайша сезбей қалдың, Сарқаншық. Бұл дерті бар жандардың қажып, шаршап келетін, жанына шипа іздеп келетін мекен. Тіпті, кейбірінің мәйіті шығатын соңғы тұрағы. Солай, сондай ғой бұл жер, Сарқаншық» (Мұқанова, 2004:17) деген жолдарда

автор тұлғасымен де, туындыдағы басқа детальдармен де көркем кеңістікте нарратор-әңгімелеуші болып, жазушы диететикалық нарратор тәсілін қолданған.

Сонымен қатар, автор диететикалық нарраторды ұтымды пайдалана отырып, нарратологиядағы типологиялық топтастыру бойынша аталған әңгімеде оқиға бірінші жақтан баяндалады. Шығарма желісіндегі емделуші кейіпкер итті аурухана төңірегін тұрақтауын, басқа да емделушілердің ит туралы пікірлері мен иттің жұмбақ тағдырын баяндап, бірінші нарратор сипатында көрінген. Сонымен қатар сентименталды кейіпкер тұлғасындағы бірінші нарратор әңгімедегі оқиғаның негізгі қозғаушысы мен дамытушысы қызметін де атқарып тұр.

Жалпы нарративтіліктің минималды шарты – бір күйдің кем дегенде бір рет өзгеруі. Ал өзгеріс қанша астарлы түрде бейнеленнің өзінде де мәтінде нарративтілік қасиет әркез байқалып отырады. «Сарқаншық» туындысында да иттің тағдырында орын алған өзгерістер бірінен кейін бірі ретімен баяндалу арқылы әңгіменің нарративтілік мәні арта түскендей.

Мақаламызға арқау болған әңгімедегі нарративтілікті талдау барысында: «Жағдайдың өзгеруі нарративтіліктің шарты ретінде келесі құрылымдық белгілерді білдіреді: 1. Екі, ең болмағанда, бастапқы және соңғы күйден тұратын уақыттық құрылымның болуы; 2. Бастапқы және соңғы күйлердің эквиваленттілігі, яғни олардың бір мезгілде ұқсастығы мен қарама-қайшылығы; 3. Күйдің өзгеруі бір әрекет етуші немесе әсерге ұшыраған субъектіге («агентке» немесе «пациентке») немесе сыртқы жағдайдың бір элементіне қатысты болуы керек» (Шмид, 2008:16) – деген тұжырымға сүйенеміз. Әңгімеде емделуші мен иттің аурухана ауласында суреттеліп, бір уақыт кеңістігіне бағына баяндалған. Ауру адам мен иттің бір мезгілде ауруға ұшырап, олардың жалпы адамзаттың жақсы-жаман әрекеттеріне қайшылықты көзқарастары шебер көрініс тапқан.

«Неге қалада жүрмін? Қаланың иті болғанша, даланың иті болмадым ба? Неге адамдар арасына құмар болдым? Иттіктен бір саты болса да биігірек болуды несіне мақсат тұттым?»-деп өкініп ұзай бердім бе. Ит зұмырдың өз сұлулығын көңілге місе тұтпай, иттікті менсінбедің. Менсінбей жүріп кез болдың ба екен бір дертке, Сарқаншық» (Мұқанова, 2004:21) – деген жолдарда агент иттің ішкі әлемі күйдің өзгеруіне, нарративтіліктің дамуына ықпал етіп отыр.

Қорытынды

Нарратология жайлы ой қозғаған ғалымдар (Платон, Четман, Шмид) мәтіндерді нарративті және сипаттамалық деп екіге бөледі. Ал нарративті мәтіндерді ішінара баяндаушы нарративті мәтіндер мен миметикалық нарративті мәтіндерге жіктейді (Шмид, 2008:21). Осы тұрғыда әңгімедегі оқиға нарратор арқылы баяндалғандықтан, «Сарқаншық» шығармасын баяндаушы нарративті мәтіндер санатына жатқызамыз.

Р.Мұқанованың аталған әңгімесінде оқиғалылық айтарлықтай қысқартылып берілген. Туындыдағы әңгімелеу өмірдің құпияларын түсінуге, әлеуметтік заңдылықтарды тануға, эмоциялық қайта бағдарлауға, моральдық және өмірлік шешімдерді қайта қарауға негіз болып, менталды оқиғаны жүзеге асыруға бағытталған. Алайда жазушы менталды өзгерістерді толық бейнелемейді. Өйткені автор үшін барлық оқиғалардың саны емес, сол оқиғалардың іске асуы маңызды болуында. Жазушы өзгерістер мен оқиғалардың орындалуына түрткі болып, нарратор қызметінің маңызын тереңдетіп отыр.

Қорыта келе, жазушы Р.Мұқанова «Сарқаншық» шығармасында өзі автор, нарратор, баяншы болып қоғамның ащы шындығын бұралқы иттің бейнесі арқылы шебер суреттеген.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.
- Соколов А.Н. Теория стиля. Москва.: Издательство «Искусство», 1968.
- Зарубежная эстетика и теория литературы XIX-XX вв.: Трактаты, статьи, эссе /Сост., общ. ред. и вступит. ст. Г.К. Косикова. - М.: Изд-во Моск. унив., 1987.
- https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazirgi-korkem-prozadagy-avtor-narrator-keipker_19393
- Қорғасбек Ж. «Мәңгілік бала бейнені іздеу» // «Түркістан» газеті, №19. 2014.
- Мұқанова Р. Муза. Әңгімелер мен драмалық хикаттар. – Алматы: Жазушы, 2004. – 328 бет.
- Храпченко М.В. Творческая индивидуальность писателя и развитие литературы. Москва,1972. – С. 242.
- Майтанов Б. Сөз сыны. Зерттеулер, мақалалар. Алматы: Ғылым, 2002. – 344 б.
- Шмид В. Нарратология. – М.: Языки славянской культуры, 2008. – с. 312.
- Храпченко М.В. Творческая индивидуальность писателя и развитие литературы. Москва,1972. – С. 242.
- Майтанов Б. Сөз сыны. Зерттеулер, мақалалар. Алматы: Ғылым, 2002. – 344 б.
- Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы / Т.О. Есембеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.